



Астана қ.

20-21 қыркүйек 2025 ж.

Баспасөз хабарламасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2025 жылғы 20-21 қыркүйек күні Абай облысы, Семей қаласында Шәкәрім Университетінің базасында Оқушылар арасындағы республикалық пікірсайыс турнирін өткізеді.

Пікірсайыс қозғалысы – балалар мен жастардың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды қоғамдық және білім беру институттарының бірі. Бұл қозғалыс қатысушылардың сыни ойлау қабілетін жетілдіруге, олардың әлеуметтік белсенділігі мен көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

ҰБДҚ мәліметтеріне сәйкес қазіргі уақытта елімізде 6 671 пікірсайыс клубы жұмыс істейді, оның 5 946-і мектеп клубтары, ал 725-і студенттік клубтар. Пікірсайыс қозғалысына 165 091 білім алушы қамтылған, оның ішінде 143 507 мектеп оқушылары және 21 584 колледж студенттері.

Турнирдің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өзінің және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Турнирге облыстық және Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Қатысушылардың жалпы саны 180 адамды құрайды – бұл 9-11 (12) сынып оқушылары). Әр өңірден 9 адам жіберіледі: үш қатысушы – қазақ тілінде, үшеуі – орыс тілінде және үшеуі – ағылшын тілінде.

Турнир пікірсайыстың Дүниежүзілік мектеп форматы (WSDC) бойынша үш лигада: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізіледі. Қатысушылар екі кезеңде жеңіске таласады: іріктеу кезеңдері және финалдық ойындар.

Турнир жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен, сыйлықтармен марапатталады. Турнир қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефон арқылы хабарласуға болады: +7 (7172) 64-75-99, электрондық пошта: debaters.0102@gmail.com



г. Астана

20-21 сентября 2025 г.

Пресс-релиз

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования Министерства просвещения Республики Казахстан проводит Республиканский дебатный турнир среди школьников 20 - 21 сентября 2025 года в области Абай, г. Семей на базе Университета Шакарим.

Дебатное движение представляет собой значимое общественное и образовательное направление, которое играет ключевую роль в развитии детей и молодежи. Оно способствует развитию критического мышления, повышению социальной активности и формированию лидерских качеств у участников.

По данным НОБД в настоящее время в стране функционирует 6 671 дебатных клуба, из которых 5 946 представляют собой школьные клубы, а 725 – студенческие. В этой деятельности участвуют 165 091 обучающихся, включая 143 507 школьников и 21 584 студента.

Цель Турнира: формирование у обучающихся гражданской позиции, ответственности перед собой и обществом за свои поступки, развитие способности творчески и критически мыслить посредством анализа и публичного обсуждения актуальных ситуаций, наблюдающихся в стране.

В Турнире примут участие победители областных и городских этапов из Астаны, Алматы и Шымкента. Общее количество участников составит 180 человек – это учащиеся 9-11 (12) классов). От каждого региона будет делегировано по 9 человек: три участника – на казахском языке, три – на русском и три – на английском.

Турнир проводится по Всемирному школьному формату дебатов (WSDC) в трех лигах: казахской, русской и английской. Участники будут бороться за победу в два этапа: отборочные раунды и финальные игры.

Победители Турнира будут награждены дипломами I, II и III степеней, ценными призами. Участникам Турнира будут вручены сертификаты.

Для получения дополнительной информации можно обращаться по телефону: +7 (7172) 64-75-99 или по электронной почте: debaters.0102@gmail.com